



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

құқықтың сақталуы, халықтың, ұлттың, жалпы мемлекеттің өркендеуіне шексіз мүмкіндік ашады.

Қолданылған әдебиет

1. Атмосфераның ластануы және қоршаған ортаға әсерін бағалау.// pex.kz/index.php.
2. Галямова З. «Право человека на благоприятную окружающую среду (право на возмещение ущерба причиненного здоровью неблагоприятной окружающей средой» // Сборник статей слушателей юридического университета-1998 –С.27-28.
3. Куратов С. Права человека и радиоактивные отходы //Правовая реформа в Казахстане - 2002 №1 -54б.
4. Мукашева А.А. Экологизация законодательства: адекватная необходимость. Эколого- правовая и практика Казахстан: проблемы рационального использования и охраны природных ресурсов. Материалы межд.кон.-Астана, 2005-Библиотека земельного права. Выпуск 6. С-83
5. Бринчук М.М. Эколого-правовая ответственность – самостоятельный вид юридической ответственности // Государство и право, 2009, № 4 с.39-48
6. Декларация по окружающей среде и развитию. Рио-де-Жанейро, 14-июнь.1992// Информационный справочник «ПАРАГРАФ».
7. Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі.-Алматы:Юрист, 2010.(07.03.2014 берілген өзгерістер мен толықтырулармен).
8. Орхус конвенциясы. Дания. 1998// kaz.aarhus.kz.
9. Уран өндіретін кәсіпорындарды консервациялаудың және уран кен орындарын өндірудің салдарларын жоюдың 2001-2010 жылдарға арналған Бағдарламасы.// Информационный справочник «ПАРАГРАФ».
10. Абдраимова Ф.К. Проблемы правового регулирования охраны окружающей среды от загрязнения отходами производства и потребления в Республике Казахстан: автореф. ... канд.юрид.наук: 12.00.06. – Астана: ЕНУ, 2010. – С. 14
11. В.В.Петров.Экологического право России.-М.,1995,с.332
12. Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі (21.06.2013. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).

УДК 349.414

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУДЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ

Ыбырайым Айжан Мадиярқызы

I.Aizhan94@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Заң факультетінің 4-курс студенті

Ғылыми жетекшісі: з.ғ.к, доцент Жусипова Б.А.

Каспий теңізі қайраңындағы көмірсутек шикізаты кенорындары жөнінде талас Орталық Азияға да, мәселен Әзірбайжан мен Түркіменстанға, Әзірбайжан мен Иранға тән. Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі мұнай барланған кенорындарына қатысты Қазақстан мен Ресей Федерациясының да өзіндік мүдделері бар, бірақ келтірілген мысалдардан өзгешелігі сол - бұл елдер арасында ол мәселе жөнінде шиеленісті қатынастар жоқ .

Жер қойнауын пайдалану саласындағы қатынастардың дамуының әлемдік тарихын зерделесек, әрқайсысы жер қойнауына қатысты тәуелсіз құқықты жүзеге асырған мемлекеттердің беттесуін көрсететін төрт маңызды кезеңнен тұратынын көруге болады.

1857 - 1917 жылдарды қамтитын бірінші кезеңінде жер қойнауын пайдалану жүйесінің құқықтық негіздерінің қалыптасу үдерісі жүріп жатты.

1917 - 1950 жылдарды қамтитын екінші кезеңнің өзгешелігі - Халықаралық мұнай картелі құрылып, қызмет етуі. Ресей империясындағы 1917 жылдың қазанында өткен әлеуметтік-саяси оқиғалардан соң мұнай өндірудің әлемдік орталықтарында (Латын Америкасы мен Таяу Шығыс елдері) национализация саясатына және социалистік идеялардың тарауына жол бермеу мақсатында жеті ірі мұнай компаниясы (Chevron, Mobil, Texaco, Exxon, British Petroleum, Gulf Oil, Royal Dutch/Shell) халықаралық картель құрды. Бұл картель елу жыл бойы әлемдегі энергетикалық тәртіпті бақылап тұрды. Отарлық жүйе бытырап, социалистік елдердің ықпалы өсуіне байланысты жер қойнауын пайдалану саласындағы қатынастарды құқықтық реттеу әдістері түбегейлі өзгерді. Осыған орай бұл іс үшінші кезеңге қадам басты, ол 1950 - 1990 жылдарды қамтыды. Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас ассамблеясының «халықтардың өз байлықтарын еркін қолдану және пайдалану құқығы» олардың егемендігінің ажырамас бөлігі екендігін қарастыратын жалпы таныған нормалары бар, 1952 жылы және 1962 жылы қабылдаған қарарлары шықты.

Қазіргі кезеңде (төртінші кезең) ССРО-ның құлап, мұнай-газ секторын интернационалдануы, халықаралық экономикалық қатынастардың жаһандануы, трансұлттық компаниялардың ықпалының күшеюімен байланысты жер қойнауын пайдалану саласындағы қатынастар жаңа жағдайлармен бетпе-бет келді, бұл - жер қойнауын пайдалануды құқықтық реттеу тәртібіне елеулі әсер етті. Мемлекеттердің жер қойнауын пайдалану саласындағы халықаралық келісімдер жасау, халықаралық ұйымдардың шешімдер қабылдауы мен халықаралық-құқықтық дәстүрлердің қалыптасуынан көрінетін халықаралық-құқықтық істестіктері бірқатар құжаттардың шығуымен байланысты. Атап айтқанда, ол құжаттар: 1991 жылдың 17 желтоқсанындағы Еуропа Энергетикалық Хартиясы; 1994 жылдың 17 желтоқсанындағы Энергетикалық Хартияға Шарт; 1997 жылдың 27 наурызындағы ТМД қатысушы-мемлекеттерінің Кен Хартиясы; 1997 жылдың 27 наурызындағы Минералды шикізат ресурстарын зерттеу, барлау мен пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы келісім; 1998 жылдың 6 шілдесіндегі жер қойнауын пайдалануға егеменді құқықты жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының Каспий теңізінің солтүстік бөлігінің түбін шекаралау туралы келісімі; 2003 жылдың 14 мамырындағы Каспий теңізі түбіндегі межелес телімдердің шекара сызықтарының түйісу нүктелері туралы Қазақстан Республикасы, Әзірбайжан Республикасы және Ресей Федерациясының келісімі; 2006 жылдың 5 желтоқсанындағы Атом қуатын бейбіт мақсатта қолдану саласындағы ынтымақтастық туралы Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Атом энергетикасы жөніндегі еуропалық қоғамдастық арасындағы келісім. [128].

Халықаралық құқықтық актілердің маңыздыларының бірі - 1994 жылы 17 желтоқсанда қол қойылып, 1998 жылдың 16 сәуірінде күшіне енген «Энергетикалық Хартияға Келісім», сондай-ақ «Энергетикалық Хартияға энергетикалық тиімділік және ілеспе экологиялық аспектілер жөніндегі мәселелер туралы Хаттама», бұлар Қазақстан Республикасы Президентінің № 2537 Жарлығымен 1995 жылдың 18 қазанында ратификацияланды. Осы халықаралық актіні зерттеушілердің көрсетуінше, Энергетикалық Хартияға Келісімнің негізгі міндеттері энергетикаға және энергия саудасына инвестиция салуға ынталандыруға және оны либералдандыруға жағдай туғызуға, энергетикалық нарықтарға еркін жол ашуға, халықаралық арбитражда осы сектордағы дауларды бітістіруге, экологиялық тәуекелді азайтуға әкеп соғады[3].

Шешуші халықаралық құжаттардың бірі - 1997 жылдың 27 наурызында ТМД елдерінің арнаулы Келісімімен қабылданған Кен Хартиясы. ТМД елдерінің Кен Хартиясы шегіндегі әрістестігінің басты мақсаты - жер қойнауын зерттеу, барлау, пайдалану мен қорғау саласында бірлескен әрекеттерді мына бағыттарда үйлестіру мен өзара көмектесу: жер қойнауын зерттеу, барлау, пайдалану мен қорғау саласында заңнамалық және басқа нормативті актілерді жуықтату мен үйлестіру; нарықтық қатынастардың қалыптасу мен даму жағдайында шаруашылық әрістестіктің құқықтық базасын жетілдіру; өзара қолайлы негізде жер қойнауын геологиялық зерттеу мен минералды шикізат базасын ұдайы өндіру, пайдалы қазбалар мен қайта өңдеу өнімдерін өндіру, тасымалдау мен пайдаланудың тиімділігін

қауіпсіздік деңгейін бірдей көтеріп, қоршаған ортаны ластауды бар мүмкіндігінше бірдей азайту арқылы арттыру; мемлекеттік билік пен басқару органдарының, сондай-ақ шаруашылық қарекет субъектілерінің тиімді әрістестігінің жаңа механизмдерін әзірлеп, ұсыну.

ТМД елдерінің жер қойнауын пайдалану саласында бірлесе қарекет етуге деген ниеттерінің қисынды жалғасы 1997 жылдың 27 наурызындағы «Минералды шикізат ресурстарын зерттеу, барлау мен пайдалану саласындағы ынтымақ туралы келісімнің» қорытындысы болды. Бұл Келісім ҚР Үкіметінің 2000 жылдың 4 мамырындағы № 655 арнаулы Қаулысымен бекітіліп, енгізілді.

Қазақстан Республикасының халықаралық-құқықтық міндеттемелері туралы мәселе қозғағанда басқа бірнеше келісімдерді ескермей кетуге болмайды. Атап айтсақ, олар:

1) 2002 жылдың 14 қарашасында Қазақстан Республикасының № 356 Заңымен ратификацияланған «Жер қойнауын пайдалануға егеменді құқықты жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының Каспий теңізінің солтүстік бөлігінің түбін шекаралау туралы келісімі», сондай-ақ 1998 жылдың 6 шілдесіндегі осы Келісімге арналған Хаттама;

2) Қазақстан Республикасының 2003 жылы 2 шілдедегі № 457 Заңымен ратификацияланған 2001 жылдың 29 қарашасындағы «Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы арасында Каспий теңізі түбінің шекараларын ажырату туралы Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы арасындағы келісім», сондай-ақ осы Келісімге арналған 2003 жылдың 27 ақпанындағы Хаттама;

3) Қазақстан Республикасының 2003 жылы 4 желтоқсанында № 501 Заңымен ратификацияланған 2003 жылдың 14 мамырындағы «Каспий теңізі түбіндегі межелес телімдердің шекара сызықтарының түйісу нүктелері туралы Қазақстан Республикасы, Әзірбайжан Республикасы және Ресей Федерациясының келісімі».

4) Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасына мұнай және мұнай өнімдерін жеткізу саласындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісім»

5) Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасы Үкіметінің арасындағы Құқықтық ақпарат алмасу туралы келісім»

6) 2010 жылы 9 желтоқсанда Мәскеуде жасалған «Бірыңғай экономикалық кеңістікке қатысушы мемлекеттердегі қызметтер көрсету саудасы және инвестициялар туралы» келісім

7) 2013 жылғы 31 мамырда Минскіде жасалған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастығы туралы келісім

Бұл халықаралық-құқықтық актілерге Каспий маңындағы үш мемлекет Каспий теңізінде мемлекеттердің егеменді құқықтарын жүзеге асыруға жағдай туғызуды құқықпен қамтамсыз ету, сондай-ақ теңіз түбінің және жер қойнауының ресурстарын тиімді де ұтымды, қауіпсіз игеру мақсаттарында қол қойды. Тараптар су бетін жалпы пайдалануды өзгертпей, кеме жолының бостығын, балық аулаудың және қоршаған ортаны қорғаудың келісілген нормаларын қамтамасыз етуді қоса отырып, Каспий теңізінің түбі мен жер қойнауы мемлекеттер арасында ортаңғы сызық бойынша межеленеді деп келісті. Соған орай тараптар «ортаңғы сызықты» анықтау тәртібі туралы да келісімге келді.

Қазақстан, Әзірбайжан және Ресей арасында жасалған бұл үш Келісім Каспий теңізі қайраңындағы жер қойнауын игеру мәселелері бойынша осы елдер арасында тууы мүмкін дауларды болдырмауға септігін тигізеді. Қазақстан Республикасының алдына 2008 жылы 8 мамырда ҚР Үкіметінің № 434 арнаулы Қаулысымен бекітілген 2006 жылдың 7 желтоқсанындағы «Атом қуатын бейбіт мақсатта қолдану саласындағы ынтымақтастық туралы Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Атом энергетикасы жөніндегі еуропалық қоғамдастық арасындағы келісім» белгілі бір міндеттер қояды. Қазақстан Республикасының бұл халықаралық-құқықтық актіден туындайтын міндеттемесі - МАГАТЭ желісіндегі бірқатар құжаттарда және екітарапты келісімдерде қарастырылған шарттарды орындай

отырып, «ядролық материалды» тек бейбіт мақсатта ғана пайдалану. Аталмыш Келісім мен МАГАТЭ Жарғысының XX бабына сәйкес «ядролық материалдарға» кез келген бастапқы материал немесе арнайы ыдыратылған ядролық материал жатады, оның ішінде Қазақстан өз кенорындарында өндіріп жатқан уран да бар.

Осындай күрделі де маңызды жұмысты атқару жолында алда тұрған мынадай міндеттер шешім табу керек:

1) жер қойнауын зерттеу мен игеру мәселелері бойынша халықаралық-құқықтық актілер мен халықаралық келісімдерді түгелдей ревизияға салу қажет. Мұнда, егер қандай да бір халықаралық актілер Қазақстан мүддесіне сай келмесе я олар формалды сипатта болып жер қойнауын анағұрлым тиімді де ұтымды пайдалануға сеп болатын тұжырымдамалық қағидалары болмаса, олардың ықпал ету шеңберінен шығу қажет, ал ондай келісімдерді денонсациялаған жөн;

2) егер Қазақстанның мүдделеріне сай келсе, жер қойнауын пайдалану саласындағы қатынастарды реттейтін қазіргі халықаралық актілерге қосылудың мүмкіндіктері мен қажеттігін зерттеу керек;

3) трансшекаралық аумақтарда жер қойнауын зерттеу мен игеру жөніндегі әрістестік туралы қостарапты жаңа келісімдер жасасудың (мысалы, ҚХР, Ресеймен, Өзбекстанмен, Түркімениямен, Қырғызстанмен, Әзірбайжанмен) перспективаларын зерттеу қажет;

4) халықаралық-құқықтық актілермен қайшылықтарды болдырмау үшін, сондай-ақ ұлттық заңдарға халықаралық актілердің нормаларын имплементациялау мақсатында жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы ұлттық заңдарды талдап шығу;

5) ТМД елдері мүше бола алатын халықаралық ұйым құру қажет. Ол ұйымның мақсаттары жер қойнауын пайдалану саласындағы нормативті-құқықтық және нормативті-техникалық актілерді бірегейлеу, жер қойнауын пайдалану саласындағы саясатты үйлестіру, жер қойнауын пайдалануды құқықтық реттеудің бірегей механизмін жасау, жер қойнауын пайдалану саласында ұйымға мүше емес мемлекеттерге қатысты келісілген саясат жүргізу болуы керек.

Жер қойнауына деген талас, мемлекет арасындағы мүдделер қақтығысы, біздің пікірмізше, адам өлімне әкеп соқтырмайтын тек бейбіт жолмен, қару-жарақ пен түрлі атом қаруының қолданылуынсыз шешілуі қажет.

Қолданылған әдебиет

1. Редько Т.И., Международно-правовое сотрудничество государств в области недропользования. // Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата юридических наук. // Библиотека Дипломатической академии Министерства иностранных дел Российской Федерации. - М., 2007. - С.3

2. «Война в Конго». История человечества/ Б.Байер, У. Бирнштайн, Б.Гельхофф, Э.К.Шютт; Пер.с нем. И 90 Н.А.Врублевская и др. – М.: ООО «Издательство АСТ» : ООО «Издательство Астрель», 2002. – стр.600

3. Еуропа энергетикалық хартиясы. — [Электронный ресурс] — Режим доступа. — URL:<http://kk.> (дата обращения 05.02.2015)

4. Елубаев Ж.С. Жер қойнауын пайдалануды құқықтық реттеу проблемалары: отандық тәжірибе және шетелдік жүзе. Монография. – Алматы, 2011.

11.7 Предпринимательское право

УДК 347.7

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ: ӘЙЕЛДЕРЛІК КӘСІПКЕРЛІГІ

Абильмажинова Жибек Ермековна
zhikoniya@bk.ru